			Өз бетінше қарапайым ойдан құрастыру дағдыларын дамыту және дербестікті қолдау. **4. Дене тәрбиесі** «Баскетбол элементтері» **Міндеті:** шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйретуді жалғастыру.		заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Спорттық ойындар. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайтуды

					жалғастыру
2-ші таңғы ас	Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік) Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. **(тіл дамыту, коммуникативтік әрекет).**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен		**Бақшада өнім жинауды бақылау (карта № 15)** **Міндеті:** Бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу. **Көркем сөз** Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді Мақал-мәтелдер Неексең, соны орасың. Қыстың қамын жазда ойла. **Ырым** Егер көкөністердің қабығы жұқа болса – қыс жылы, қалың және қатты болса – аязды болады **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бағбаншылар»	**Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі) (карта № 16)** **Міндеті:** Құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру. **Көркем сөз** «Қанатын қағып қаздар да, Көкпенен жүзіп өткен-ді» **Ырымдар** Қаз ұшса – жақында қар түседі. Қараторғай ұзаққа ұшпаса – күз құрғақ болады. Қаздар ұшса, қыстың жақындағаны **Қимыл-қозғалыс ойыны:**	**Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау (карта №17)** **Міндеті:** Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. **Көркем сөз** Торғай отыр томпиып, Құйрықтары шолтиып. Сауысқаның сақ отыр, Сары шымшық тағы отыр **Ырымдар** Сары шымшық үйге ұшып қонса – қыс мезгілінің жақындағаны.	**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш) (карта №18)** **Міндеті:** Аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйретуді жалғастыру . Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу. **Көркем сөз** Көше бойы аралас, Қаптап өскен қарағаш. Жемісі жоқ болса да, Саясы көп дара ағаш

		Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау. **Жеке жұмыс**: санамақ жаттау: шешендікке, сөз өнеріне баулу **Еңбектену әрекеті** Бақшадағы өнімді жинау Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көкөністерді жәшіктер мен себеттерге салу, сабақтарын бір жерге үю. Балаларды тату жұмыс жасай білуге, бір-біріне кедергі келтірмеуге, ортақ істі бірлесіп аяқтауға дағдыландыру. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау** «Көкөністерге қажетті сөздерді тап» Көкөністерге қатысты қажетті сөздерді таңда:	«Құстардың ұшып кетуі» Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру. **Еңбектену әрекеті** Бақшада түбірлерді қазу Балаларды еңбектенуге тәрбиелеу, күректі қолдана отырып, сол аяқтың көмегімен жер түптерін қазу, жерді күрек сабының бойындай қазу. Қазылған құмды бір жағына үю. Күрекпен және тырмамен жұмыс жасай білуге үйретуді жалғастыру . **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау** Жыл құстарын атау (доппен ойын) Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау. **Жеке жұмыс**: мақал-мәтел жаттау: шешендікке, сөз өнеріне баулу **Өзіндік әрекет**	Торғайлар орыннан орынға ұша берсе көп ұзамай жел тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аққулар мен қаздар» Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту. Еңбектену әрекеті Құстарға арналған азық дайындау Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.** «Сипаттауына қарап құсты анықта» Балаларға түрлі құстарды салу арқылы жаттығу жасату, суреттеп бейнелеуден оларды бірден табу. Өзара сөйлесу дағдыларын дамыту. **Жеке жұмыс**: жұмбақ шешу: шешендікке, сөз өнеріне баулу **Өзіндік әрекет**	(А. Шаяхметов) Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешіліп, Қалады өзі жайрап. (Ағаш) **Ырымдар** Егер де қайың ағашының жапырақтары жоғарыдан бастап сарғайса күз ерте түседі, ал төменнен болса – кеш түседі. Шетен ағашының жемісі көп болса – жаз жаңбырлы және қыс қатты болады, аз болса –күз құрғақ болады. **Қимыл - қозғалыс ойыны:** «Аталған ағашқа жүгіру» Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу, қандай ағаш аталды, және сәйкес келсе «бір, екі, үш – жүгіреміз біз!» деп дабылмен жүгіру. **Еңбектену әрекеті**

		байланыстыра сөйлей білу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. «Үсті-асты» Сабағына тамырын сәйкес теруге үйретуді жалғастыру . **Өзіндік іс-әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	Балаларды өз рольдері мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту, ойын барысын толық орындауға және 1 сюжетте 2-3 рөл сомдауға үйретуді жалғастыру ; қарым-қатынас ережесін білу – бағыну, теңдік, басқару. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	Ойын барысында балаларды достық, ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті мен ережелеріне үйретуді жалғастыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	Құстарды қыста тамақтандыру үшін ағаш дәндері мен талдарын жинау Балаларды жұмыс жасай білуге үйретуді жалғастыру , ол еңбектің мәнін түсіндіру. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар**. Тәжірибе жасау. Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма әлде тегіс пе екенін анықтау. Түйін. Ағаштардың жапырақтары әр түрлі. **Жеке жұмыс**: жұмбақ шешу: шешендікке, сөз өнеріне баулу **Өзіндік әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйретуді жалғастыру . Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар,				

	санамақтар және т.б. жаттау
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже айту
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру . Өз төсек орнын тауып жатуды үйретуді жалғастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (**көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар** **№ 4** **Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық « Самал жел» - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: «Ф-ф-ф». «Желдің желпуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. «Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. **Керует жанындағы жаттығулар** Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. **Шынықтыру шарасы** Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп

	Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. **Демалуды қалыпқа келтіру** Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйретуді жалғастыру . Қыз балалардың шаштарын тарауға үйретуді жалғастыру . (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйретуді жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйретуді жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**Дидактикалық ойын:** «Пішіндерді ажырат» **Міндеті** Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы** :«Бестемше» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын	**Әңгімелесу** Қарапайым экологиялық ұғымдар **Міндеті:** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,**	**Дидактикалық ойын:** «Сабын көбіктері» **Міндеті:** Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі***)** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** «Бәйге» **Міндеті:**Ұлттық ойынға белсенділікпен	**Дидактикалық ойын:** «Кімге не керек?» **Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінуге және бағалауға үйретуді жалғастыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

		ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	**қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** «Айгөлек» **Міндеті:**Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** «Әткеншек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауды үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**
Балалармен жеке жұмыс		**Коммуникативтік дағдылар:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Міндеті:** қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *А.Айзере Ж.Арыстан*	**Коммуникативтік дағдылар:** «Сөйлемді жалғастыр» **Міндеті:** сан есімдерді ретімен атауды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыруға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *А.Айым*	**Коммуникативтік дағдылар:** «Түлкі мен Тырна» ертегісін мазмұндау **Міндеті:** шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *Б.Аиша*	**Коммуникативтік дағдылар:** «Менің отбасым» Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Міндеті:** өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** *Ж.Амир*

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйретуді жалғастыру. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйретуді жалғастыру. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен		**Бақшада өнім жинауды бақылау (карта № 15)** **Міндеті:** Бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу.	**Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі) (карта № 16)** **Міндеті:** Құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру.	**Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау (карта №17)** **Міндеті:** Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді.	**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш) (карта №18)** **Міндеті:** Аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйретуді жалғастыру . Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және		**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Кейіпкерді сипатта» (Сын есімдермен жұмыс) **Міндеті:** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Ертегіні жалғастыр» (Сөйлем құрау) **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен,	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Ертегілер шатасты» (Зейінді дамыту) **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Театраландырылған ойын: «**Мақтақыз бен мысық» ертегісін сахналау **Міндеті:** Сахналық

басқалары)		қабылдағаны туралы айтуға үйретуді жалғастыру. Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуге үйретуді жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы: Әңгімелесу:** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері **Міндеті:** Үйдегі міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Еркін ойын Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге,	қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы: Әңгімелесу:** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері **Міндеті:** балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Еркін ойын Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға	отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** «Біз тәртіпті сақтаймыз» **Міндеті**: көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол) туралы білімдерін қалыптастыру **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Еркін ойын Міндеті:** Құрдастарымен өз	қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы: Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам» **Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Еркін ойын Міндеті:** Құрдастарымен өз

		келісіп ойнауға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	бетінше қарым-қатынас жасай алуға, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы		Табиғи материалдарды жинауға көмектесу. Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Ата аналарды балабақшада бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі және балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру»

Дидактикалық ойындар:

«Сөздерге талдау жаса»
Қажетті құралдар: Қызыл (дауысты), көк (дауыссыз) түсті текшелер немесе дөңгелектер.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір сөз айтады (мысалы: ДОП, АНА). Балалар сөздегі дыбыстарды ретімен атап, дыбыстық үйшіктерге текшелерді дұрыс орналастыруы керек. Дауысты дыбысқа – қызыл, дауыссызға – көк түсті қояды. Текшелерді шатастырмай, дыбыс естілу ретімен тізген бала жеңімпаз атанады.

«Телеграф»
Қажетті құралдар: Сөздер жазылған карточкалар немесе суреттер.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір сөзді сыбырлап немесе суретпен бірінші балаға көрсетеді. Балалар сөзді буынға бөліп, қолдарымен шапалақтау арқылы (мысалы: *ба-ла-пан* – 3 шапалақ) тізбек бойынша бір-біріне «телеграф» арқылы жеткізеді. Шапалақ санын нақты әрі дикцияны бұзбай, сөзді таза айтып жеткізген қатар ұтады.

«Атын атап бер»
Қажетті құралдар: Шағын доп немесе микрофон ойыншығы.

Ойын ережесі: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші допты бір балаға лақтырып, сұрақ қояды (мысалы: «Сенің сүйікті ойыншығың қандай?»). Допты алған бала сұрақты мұқият тыңдап, бөліп жармай, толық әрі нақты жауап беруі тиіс («Менің сүйікті ойыншығым – қонжық»). Жауап берген соң допты келесі досына лақтырады. Сұраққа қысқа қайырмай, толық сөйлеммен жауап берген бала мақталады.

«Кім зейінді?»
Қажетті құралдар: Әртүрлі мағыналы сөздер тізімі.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір-біріне ұқсас, бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді оқиды (мысалы: *жас – шаш, ара – қара*). Балалар тек тәрбиеші алдын ала ескерткен нақты бір мағынаны білдіретін сөзді (мысалы, жәндікті) естігенде ғана қолдарын шапалақтауы керек. Қателеспей, сөз мағынасын дәл тапқан бала «ең зейінді бала» атанады.

«Қызыл-ақ»
Қажетті құралдар: Қызыл және ақ түсті дөңгелекшелер (жалаушалар).
Ойын ережесі: Тәрбиеші сөздерді септеп немесе тәуелдеп айтады (мысалы: *менің кітабым, сенің кітабың, кітапқа*). Егер сөз дұрыс байланысып, грамматикалық қатесіз айтылса – балалар ақ жалаушаны, ал егер қате айтылса (мысалы: *менің кітап, сенің дәптеріңіз*) – қызыл жалаушаны көтереді. Дыбыстар мен сөздердің байланысын дұрыс тапқандар ұпай жинайды.

«Сөйлем құрастыр»
Қажетті құралдар: Сөйлемнің сызбалары (сөз санын білдіретін сызықшалар).
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға бір сурет көрсетеді (мысалы: *Күз келді*). Балалар суретке қарап сөйлем құрауы керек. Ереже бойынша, сөйлемде қанша сөз барын сызықшалар арқылы тақтаға тізеді. Кім бірінші болып сөздерді өзара байланыстырып, мағыналы сөйлем құраса, сол бала жеңіске жетеді.

«Менің отбасым»
Қажетті құралдар: Отбасы мүшелерінің суреттері.
Ойын ережесі: Балалар өз отбасы туралы айтуы керек. Бірақ шарт бойынша зат есімді сан есіммен немесе сын есіммен үйлестіріп айтуы тиіс (мысалы: *«Менің отбасымда бес адам бар», «Менің анам – мейірімді»*). Сөздерді қисынды үйлестіріп, жүйелі сөйлем құраған бала көшбасшы болады.

«Заттар әлеміне саяхат»
Қажетті құралдар: Тұрмыстық заттар, ойыншықтар.
Ойын ережесі: Бала сандықшадан бір затты таңдап алады (мысалы: *ыдыс немесе киім*). Басқа балаларға көрсетпей, сол заттың белгілерін, не үшін қажет екенін бірізділікпен, монолог түрінде сипаттап айтып беруі керек. Заттың атын атамай, оны жұмбақ тәрізді қызықты жеткізген және сипаттамасынан затты бірінші тапқан бала жеңімпаз болады.

«Адасқан цифрлар»
Қажетті құралдар: 1-ден 10-ға дейінгі цифрлар жазылған карточкалар.

Ойын ережесі: Сандар тақтада ретсіз араласып тұрады. Балалардың міндеті – сандарды 1-ден 10-ға дейін (әсіресе 9 бен 10-ның орнын анықтап) тура ретімен тізу. Кім уақытылы және сандарды «өз үйшіктеріне» қатесіз орналастырса, сол бала тапсырманы орындады деп есептеледі.

«Үш сандықша» (Үнемді тұтыну)
Қажетті құралдар: Үш түрлі қоршау/сандықша («Жұмсау», «Жинау», «Қайырымдылық») және тиындар.
Ойын ережесі: Балаларға ойын тиындары беріледі. Тәрбиеші белгілі бір жағдаяттарды айтады. Бала тиындарын сандықшаларға санап тұрып бөлуі керек. Ереже бойынша, сандықшаға тиын салғанда 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау шарт (мысалы: 1, 2, 3 тиын салдым; 3, 2, 1 тиын қалды). Тиындарды үнемдеп, дұрыс бөлген бала «үнемшіл бала» атанады.

«Мен ақшаны қалай табамын?»
Қажетті құралдар: Әртүрлі мамандық иелерінің суреттері мен еңбек құралдары.
Ойын ережесі: Балалар өздеріне мамандық таңдайды (дәрігер, мұғалім, құрылысшы т.б.) және өз еңбектері үшін қалай табыс табатынын түсіндіреді. Ойын барысында жасаған жұмыс өнімдерін (мысалы, пісірген нанын) 10 көлемінде тура және кері санап, еңбекпен келген табыстың мәнін айтады. Қандай еңбек атқарғанын толық сипаттаған бала ұтады.

«Түстерді ажырат»
Қажетті құралдар: Әртүрлі түсті қуыршақ киімдері, түрлі түсті себеттер.
Ойын ережесі: Жәшікте араласып жатқан киімдерді балалар түсіне қарай ажыратып, сәйкес себеттерге салуы керек (мысалы: қызыл көйлек – қызыл себетке). Киімнің атын және түсін нақты атап, бірінші жинаған бала жеңеді.

«Ойлан, тап, ата!»
Қажетті құралдар: Ойыншық жүк және жеңіл машиналар, бөлшектердің суреттері.
Ойын ережесі: Басқарушы (тәрбиеші) машинаның бір бөлшегін көрсетеді немесе сипаттайды (мысалы: «Бұл жүргізуші отыратын, руль орналасқан жер»). Балалар тез ойланып, оның *«кабина»* екенін тауып, атын атауы тиіс. Машинаның негізгі бөлшектерін (кузов, двигатель, дөңгелек) жаңылмай бірінші атаған балаға жұлдызша беріледі.

«Бұл қандай белгі?»
Қажетті құралдар: Жол белгілерінің макеттері немесе карточкалары.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір жол белгісін көрсетеді (мысалы: *Жаяу жүргіншілер өткелі*, *Балалар*). Балалар бұл белгінің атын атап, оның нені білдіретінін және жолда өзін қалай ұстау керектігін айтады. Белгіні дұрыс танып, ережені бұзбаған бала «тәртіпті жаяу жүргінші» атанады.

«Кім, қайда өмір сүреді?»
Қажетті құралдар: Жануарлар мен олардың төлдерінің, сондай-ақ мекен ортасының (орман, дала, тау, үй) суреттері.
Ойын ережесі: Балалар Қазақстанда мекендейтін жануарды таңдап (мысалы: *Арқар, Қасқыр, Түйе*), оның төлін атауы (бота, бөлтірік) және мекендейтін жеріне орналастыруы керек. Жануардың өзіне тән белгілерін (мысалы: «Арқардың мүйізі үлкен болады») дұрыс атаған бала ойын шартын орындаған болып саналады.

«Жолды тап»
Қажетті құралдар: Еденге сызылған немесе қағаз бетіндегі лабиринт (жолдар), бағыт көрсеткіштері.
Ойын ережесі: Бала тәрбиешінің нұсқауымен (мысалы: *«Екі қадам алға, бір қадам оңға бас»*) берілген бағыт бойынша жүріп отырып, діттеген жерге жетуі керек. Бағыттан адаспай, оң мен солды шатастырмай межелі жерге бірінші жеткен бала жеңіске жетеді.

«Қауіпті заттарды жина»
Қажетті құралдар: Қауіпті (қайшы, ине, пышақ, сіріңке) және қауіпсіз (ойыншықтар, кітаптар) заттардың аралас суреттері.
Ойын ережесі: Балалар үйде кездесетін өткір, кесетін және күйдіретін қауіпті заттарды тауып, арнайы қызыл жәшікке жинауы керек. Әр затты алған сайын оның неліктен қауіпті екенін түсіндіруі шарт. Қауіпсіз заттарды араластырмай, тек қауіптілерін дұрыс іріктеген бала жеңімпаз болады.

«Қай ағаштың жапырағы?»
Қажетті құралдар: Әртүрлі ағаштардың (қайың, емен, терек) суреттері және олардың жапырақтары.
Ойын ережесі: Балалар үстел үстінен бір жапырақты алып, оның пішініне қарап қай ағашқа тиесілі екенін табуы қажет. Жапырақты дұрыс тауып, ағаштың атын атап, толық сөйлем құраған бала (мысалы: *«Бұл – қайыңның жапырағы»*) ұпай алады.

«Жыл мезгілдерін тап»
Қажетті құралдар: Төрт жыл мезгілі бейнеленген үлкен суреттер және табиғат құбылыстарының карточкалары.
Ойын ережесі: Балалар қолдарындағы карточкаларды (мысалы: *қар, бәйшешек, сары жапырақ, піскен қарбыз*) тиісті жыл мезгілінің тұсына қоюы керек. Өз таңдауын зерттеушілік тұрғыдан дәлелдеп берген (мысалы: *«Жаңбыр күзде жиі жауады, сондықтан күз мезгіліне қоямын»*) бала жеңіске жетеді.

«Айлар, жыл мезгілдері»
Қажетті құралдар: Жыл мезгілдерінің 4 түсті дөңгелегі және 12 айдың таңбалары.
Ойын ережесі: Балалар жыл мезгілдерінің ретін бұзбай атап (қыс, көктем, жаз, күз), әр мезгілге жататын айларды өз ретімен орналастыруы тиіс. Ай аттарын шатастырмай, жүйелі атап шыққан бала «Жыл шебері» атанады.

«Дұрыс орналастыр»
Қажетті құралдар: Ойын алаңы (немесе қағаз парағы) және кішкентай ойыншықтар (фигуралар).
Ойын ережесі: Тәрбиешінің бұйрығы бойынша балалар заттарды кеңістікке орналастырады. Мысалы: *«Қонжықты оң жаққа қой, ал машинаны сол жаққа орналастыр»*. Оң және сол жақты шатастырмай, тапсырманы дәл орындаған бала жеңіске жетеді.

«Пішіндерді боя»
Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер салынған қағаздар, акварель бояулары, палитра (бояғыш), қарындаштар.
Ойын ережесі: Балаларға пішіндерді бояу тапсырылады. Ереже бойынша, егер акварельмен бояса – палитрада суды дұрыс араластырып, қажетті реңкті табуы тиіс. Ал қарындашпен бояса – пішіннің шетінен шықпай, қанық түс алу үшін қарындашты басу күшін реттеп бояуы керек. Ең ұқыпты, түстерді дұрыс үйлестірген суретші бала жеңімпаз болады.

«Атын атап бер де бейнеле»
Қажетті құралдар: Бояулар, қылқалам, ақ қағаз.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір заттың немесе табиғат құбылысының атын атайды (мысалы: *күзгі ағаш, кемпірқосақ*). Балалар сол заттың атын қайталап айтып, оны сурет бетіне бояуларды палитрада дұрыс араластыру арқылы бейнелеп шығуы керек. Түстердің қанықтығын жеткізіп, затты ұқсатып бейнелеген балалардың жұмысы көрмеге қойылады.

Музыкалық ойындар:

«Үнінен таны»
Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптарда қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйретуді жалғастыру .
Ойын барысы: Балалар шеңбер бойымен отырады. Тәрбиеші бір музыкалық аспаптың үнін шығарады (экранның артында немесе көрінбейтін жерде). Балалар аспаптың атын атап, содан соң сол аспапты алып, таныс әуенді өздері орындауға тырысады.

«Музыкалық сағат»
Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.
Ойын барысы: Балалар музыкалық фразалар арасында тыныс алуды сақтай отырып, тәрбиешінің белгісімен (сағат тілінің қозғалысына ұқсас) әнді бастайды және тоқтатады.

«Музыкадағы үш кит»
Міндеті: Балаларды музыканың негізгі жанрларын (марш, би, ән) ажыратуға және аспаптарда ойнауға үйретуді жалғастыру .
Ойын барысы: Тәрбиеші әртүрлі жанрдағы музыкаларды қосады. Балалар егер «марш» болса — адымдайды, «би» болса — би қимылдарын жасайды, «ән» болса — ән айтуға ыңғайланады. Кейін осы ырғақтарды аспаптармен сүйемелдейді.

«Әнді жалғастыр»
Міндеті: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға үйретуді жалғастыру .
Ойын барысы: Тәрбиеші таныс әннің басын бастайды, ал балалар кезекпен немесе топпен әнді әрі қарай жалғастырып айтып кетуі керек. Мұнда әннің көңіл-күйін сақтау маңызды.

«Музыкалық аспаптарда ойнау»
Міндеті: Қарапайым, таныс әуендерді топпен орындауға үйретуді жалғастыру .
Ойын барысы: Балалар музыкалық аспаптарды таңдап алып, тәрбиеші ұсынған әуеннің ырғағын сақтай отырып, бірге орындайды

Саусақ жаттығулары:

«Үкі»
Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»)
Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»)
Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»)
Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»)
Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)
Қараңғыға қанат қақты

«Салат»
Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеідеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
Қанттай сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)
Қаймақ құйып сәндейміз (қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білегін жоғары-төмен қозғайды)
Міне, дайын нәр тағам- (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді)

«Өрмекші»
Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы)
Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады)
Нөсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі)
Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)
Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі)
Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады)
Өрмекші өрмек тоқуға
Кірісті, дереу, тезірек

Тәжірибелер:

Тәжірибе: Су айналымы (Табиғаттағы айналым)
Міндеті: Судың қалай буға айналатынын және жаңбыр болып жауатынын түсіндіру.
Құралдар: Ыстық су құйылған ыдыс, шыны қақпақ немесе тәрелке.
Барысы:
1. **Булану:** Ыдысқа ыстық су құйып, бетін қақпақпен жабу. Будың жоғары көтерілгенін көрсету.
2. **Конденсация:** Біраз уақыттан кейін қақпақтың астында су тамшыларының жиналғанын байқау.

3. **Жауын:** Қақпақты сәл қисайтып, тамшылардың қайтадан суға құйылғанын (жаңбыр) көрсету.
   Қорытынды: Күн суды қыздырып, ол бу болып аспанға көтеріледі, суығанда қайтадан жаңбыр болып жерге түседі

Зерттеу: Бұлт қайдан пайда болды?
Міндеті: Бұлттың түзілу процесін қарапайым тәжірибемен көрсету.
Құралдар: Шыны банка, ыстық су, мұз кесектері.
Барысы:
1. **Бу жасау:** Банкаға аздап ыстық су құйып, будың пайда болуын күту.
2. **Суыту:** Банканың бетіне темір қақпақ қойып, үстіне мұз кесектерін салу.
3. **Бұлт:** Банканың ішінде жылы бу мен суық қақпақтың әсерінен "тұман" немесе "кішкентай бұлттың" пайда болғанын бақылау.

Қорытынды: Жылы ауа жоғары көтеріліп, суық қабатпен кездескенде бұлтқа айналады.

«Судың қасиеттері»
Барысы: Балаларға су құйылған стақандар беріледі. Судың мөлдірлігін (ішіне зат салу арқылы), дәмін және иісін тексеріп көреді. Судың түссіз, иіссіз екеніне көз жеткізеді
Міндеті: Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді және қорытынды жасауды дамыту.

Зерттеу: Нан бізге қайдан келеді?
Міндеті: Нанның дастарханға келу жолы туралы түсінік беру, еңбекті құрметтеуге баулу.
Барысы:
1. **Дән:** Балаларға бидай дәнін көрсетіп, оның жерге егілетінін түсіндіру.
2. **Диірмен:** Дәннен ұн қалай алынатынын (тартылуын) әңгімелеу.
3. **Қамыр:** Ұннан қамыр илеп, нан пісіру процесін көрсету (бейнеролик немесе суреттер арқылы).
   Қорытынды: Нан көптеген адамдардың (дикан, диірменші, наубайшы) қажырлы еңбегімен келеді.

Дидактикалық ойын-зерттеу: Кім қайда өмір сүреді?
Міндеті: Жануарлар мен құстардың мекен ету ортасы туралы білімді бекіту.
Барысы:
1. **Талқылау:** Балаларға әртүрлі мекендердің (орман, су, үй, ұя) суреттерін көрсету.
2. **Сәйкестендіру:** Балалар жануарлардың мүсіндерін немесе суреттерін тиісті мекеніне қоюы керек (мысалы: балық – суға, аю – інге/орманға).
3. **Түсіндіру:** Неліктен ол жануар сол жерде өмір сүретінін айтып беру.

1. Ауа шарын оған зиянын тигізіп алмай қалай жаруға болады?
Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз.
2.Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?

90̊ астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. Өзіңіздің балаңыздан сұраңыз бір алманы кеспей 3,5,7 алма жасайға болады ма деп сұрасаңыз. Ол сізге не деп жауап береді? Ал қазір жоғарыдағы тәжірибені қойыңыз.

3.Тіземдегі шөптің жасыл ізін қалай тазалауға болады?
Кез келген жасыл өсімдіктің жас жапырағын алыңыз, оны міндетті түрде стақанға салыңыз және кішкене арақ құйыңыз. Стақанды ыстық су бар кәстүрелге салыңыз (су буы моншасынды) бірақ ең түбіне кез-келген ағашты дөңгелекті кәстүрелдің түбіне салыңыз. Кәстүрелдегі су суыған кезде стақаннан қыстырғышпен жапырақтарды алып шығыңыз. Олар түстерін жоғалтады, ал арақ гауһардай жасыл болады, себебі жапырақтардан өсімдіктің жасыл бояуы хлорофил бөлінеді. Ол өсімдіктерге күн энергиясымен қоректенуге көмектеседі. Бұл тәжірибе өмірде пайдалы. Мысалы, егер балаңыз байқаусыздан тізесін немесе қолын шөппен былғап алса, онда оны одекалонмен немесе алкоголді спиртпен кетіруге болады.

4. Электр зарядтары туралы тұжырымдама
Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға уқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз; шкафқа, қабырғаға ал енді ең бастысы – балаға.
Бұл заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндіреді. Әр түрлі материалдардың байланысы нәтижесінде электр зарядтары бөлінеді.

5. Билейтін фольга
Алюминді фольганы (шоколадтың немесе кәмпиттің жылтыр қабығын) өте ұзын және тар жолақтар қиыңыз. Тарақ сияқты шаш арқылы өткізіп, содан соң оны сегменттерге жақын әкеліңіз. Осы кезде жолақтар «билей» бастайды. Бұл дегеніміз олар бір-біріне оң және теріс электр зарядтарын таратады.

Ұлттық ойындар:

«Бәйге»
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
Ережесі:
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

«Айгөлек»
Міндеті: Балаларды ұйымшылдыққа, батылдыққа баулу, ереже сақтауды үйретуді жалғастыру .
Барысы: Балалар тең екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек. Темір шынжыр үзетін, бізден сізге кім керек?» – деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың ұстасып тұрған қолын үзіп өтуі керек. Үзіп өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

«Соқыр теке»
Міндеті: Ептілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу, кеңістікті бағдарлауды дамыту.
Барысы: Ортаға бір бала шығады, оның көзін орамалмен байлап қояды. Қалған балалар айнала жүріп, «соқыр текені» түрткілеп немесе дыбыс шығарып мазалайды. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа бағытталып, қашып жүрген балалардың бірін ұстап алуы керек. Кім ұсталса, сол келесі «соқыр теке» болады.

«Жүзік жасырмақ»
Міндеті: Балалардың байқағыштығын, тапқырлығын және зейінін дамыту.
Барысы: Балалар жарты шеңбер құрып, алақандарын біріктіріп отырады. Бастаушы жүзікті (немесе кішкентай затты) алақанына салып, әр баланың алақанына салған болып шығады. Бір балаға сездірмей тастап кетеді де: «Жүзігімді тап!» – дейді. Іздеуші бала жүзіктің кімде екенін табуы керек. Тапса, жүзік иесімен орын ауыстырады.

«Бестемше» ойыны
Міндеті: Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйретуді жалғастыру .
Ойын құралдары: Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
Ойын ережесі мен барысы:

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.
    - *Маңызды ереже:* Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).
3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

«Сақина» (немесе «Сақина тастау»)
Міндеті: Дыбыс бойынша әрекет жасау, зейінділікті арттыру.
Ойын ережесі: 1. Балалар қатарға немесе шеңберге тұрып, алақандарын біріктіріп ұстайды. 2. Бастаушы сақинаны (немесе кішкене затты) алақанының арасына салып, әр баланың алақанына салғандай болып аралап шығады. Ол сақинаны білдіртпей бір баланың алақанына қалдыруы керек. 3. Одан кейін бастаушы: «Сақинамды сақ ет, сақинам менің нақ ет! Сақина кімде?» – деп сұрайды. 4. Сақинасы бар бала тез тұрып қашып шығуға тырысады, ал көршілері оны ұстап қалуы керек. Егер ол сытылып шықса, өзі бастаушы болады.